

Қазақстан Республикасының Атом энергетикасын дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 18 қазандағы N 1344

Еліміздің энергия тәуелсіздігін оның атом-өнеркәсіп әлеуетін пайдалану арқылы қамтамасыз етуге бағытталған кешенді бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетикасын, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған атом энергетикасын дамыту тұжырымдамасын әзірлеуді аяқтасын. Республикада атом энергокөзін перспективалық орналастыру жөнінде техникалық-экономикалық баяндама (ТЭБ) әзірлесін. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Тұжырымдама мен техникалық-экономикалық баяндама әзірлеуге арналған қажетті қаражат бөлуді көздесін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Әділет министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Атом энергетикасы жөніндегі агенттігі 1995 жылғы 30 желтоқсанға дейін республика атом энергиясын пайдалану жөніндегі заң актілерінің жобаларын әзірлеуді аяқтасын және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Атом энергетикасы және өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы мен Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің бұрынғы Семей ядролық полигон аумағына атом электр станциясының соңғы буынын салу туралы ұсынысы қабылдансын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне 1995-1996 жылдары әлемнің ірі фирмаларының арасында Қазақстан Республикасының аумағында атом электр станциясының жобасын әзірлеуге және жүзеге асыруға арналған халықаралық тендер ұйымдастыру мен оны өткізу тапсырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне, Экономика министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне және Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне АЭС-ке дейінгі электр энергиясын тұтыну қашықтығына немесе салықтарды баламды кемітуге байланысты энергоресурстар үшін сараланған (аймақтық) төлем жөніндегі

ұсыныстарды 1995 жылғы 30 желтоқсанға дейін әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1995 жылғы 15 желтоқсанға дейін мына ұйымдар жөніндегі ұсыныстарды әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының өндірісін, республиканың уран өндіретін және өңдейтін кәсіпорындарын пайдалануға беру бағытымен Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 1996/97 оқу жылдарында атом өнеркәсібі саласында мамандар даярлау жөніндегі кафедра;

1996/97 оқу жылдарында атом энергетика саласында ұлттық кадрлар даярлау үшін Семей облысы Курчатов қаласындағы Қазақ инженерлік-физика университеті;

Өскемен және Ақтау қалаларындағы жоғары оқу орындары атом-энергетика кафедраларының бітірушілерін тәжірибеде даярлау үшін Алматы қаласы Алатау поселкесіндегі ВВР-К/сынау реакторы базасындағы оқу-жаттықтыру орталығы.

7. 1996 жылы мамыр-маусымда Алматы қаласында "Атом энергетикасы. Даму перспективалары" халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілсін. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Экономика министрлігі, Ұлттық ядролық орталығы, Атом энергетикасы жөніндегі агенттік, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы конференцияны ұйымдастыру мен оны өткізу жөніндегі ұсыныстарды 1995 жылғы 30 желтоқсанға дейін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі